

**ХАТТАМА № 7**

2024 жылғы 29 наурыз

Жанаөзен ауылы

**Директор жанындағы кеңес отырысы**

**Қатысқандар:** мектеп директоры  
К.С.Байғалиев, Мектеп әкімшілігі, психолог,  
ӘБ жетекшілері, сынып жетекшілер

**Күн тәртібінде:**

1. Балалар мен жоспар арасында аутодеструктивті мінез-құлықтың алдын-алу мәселелері бойынша өзара іс қимылдың психологиялық аспектілері.
2. 4-9 сынып оқушыларының білім сапасының көрсеткіштерін талдау ББЖМ-ға дайындық жұмыстарының жүргізілуі.
3. Дарынды балалармен жүргізілетін жұмыс бағдарламасына талдау. Білім сайыстарына қатысу нәтижелері. Пән олимпиадаларына қатысқан оқушылардың нәтижесі.
4. Жалпыға бірдей құқықтық оқыту жұмыстарының барысы.

**Тыңдалды:**

Бірінші мәселе бойынша балалар мен жастар арасында аутодеструктивті мінез-құлықтың алдын алу мәселелері бойынша өзара іс-қимылдың психологиялық аспектілері туралы директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Г.Ж.Тагаеваның баяндамасы тыңдалды.

Сөз алған: Г.Ж.Тагаева қазіргі кезде жастар арасында аутодеструктивті мінез-құлықты балалар көптеп кездесетінін, ондай оқушылармен жұмысты жүргізу, психологиялық көмек беріліп отыру керектігін айтты.

Аутодеструктивті мінез-құлықтың алдын-алу мәселелері бойынша атқарылған жұмыстар жайлы, атқарылған іс-шаралар маңызды роль атқаратынын айтты.

Сөз алған мектеп психологі аутодеструктивті мінез-құлыққа душар болып жүрген оқушылар қандай болатынын түсіндірді.

- Баланың мінез-құлық өзгереді, тұйық бола бастайды, әңгімеден қашады өте інжар, селкостық байқалады.
- Мектепке бармаудың барлық амал-шарасын ойлап табады: «басым, ішім ауырып тұр, құсқым келеді» деген сияқты сылтаулар көбейеді.
- Мектепте болған жағдайлардан бас тартады, сабаққа барғысы келмейді, әдей ұйықтап қалады.

- Әдеттегіден кері ақшаны көбірек сұрайды мектепке, мазасын алып жатқандарды тасиды.
- Кейбіреулер кейде тұнықталып кетеді, екеншісі ашуланшақ бола бастайды.
- Оқу үлгерімі нашарлайды, зейінсіз болады.

**Қаулы:**

1. Аутодеструктивті мінез-құлықтың алдын-алу шараларын күшейту.
2. Мектеп психологінің жұмысы жандандырылсын.

Екінші мәселе бойынша 4-9 сынып оқушыларының білім сапасының көрсеткіштерін талдау. ББЖМ-ға дайындық жұмыстарының жүргізілуі жайлы тыңдалды.

Сөз алған: мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары К.Т.Ашимханов 4-9 сынып оқушыларының білім сапасымен таныстырды: Бірінші кезекте математика, қазақ тілі пәндері бойынша дайындықтар жүргізу. Таңдау пәндері бойынша физика, химия, тарих, география, дүниежүзі тарихы бойынша сұрақтардың сапасын қарау. 4 сынып жетекшісі Нурмухаметова С, Рахимғалиева А жақсы дайындық жүргізіп жатқанына тоқталды. Басқа пәндер бойынша жүйелі жұмыстар атқару керектілігі айтылып өтті.

Сөз алған: мектеп директоры К.С.Байғалиев 9 сынып оқушыларының білім сапасының көрсеткішін арттыру бойынша пән мұғалімдерінен атқарылған жұмыстар есебінен мәлімет сұрады.

**Қаулы:**

4-9 сынып оқушыларының білім сапасын арттыру жұмысы жандандырылсын.

Үшінші мәселе бойынша дарынды балалармен жүргізілетін жұмыс бағдарламасына талдау және байқау олимпиадаларға қатысу нәтижелері тыңдалды.

Сөз алған: директордың оқу ісінің орынбасары К.Т.Ашимханов дарынды балалармен жұмыстар жайлы айтты. Дарынды балалармен қосымша сабақтар жүргізіледі. Түрлі байқаулар мен олимпиадаларға қатыстыру жұмыстары өз деңгейіне атқарылуда. Нәтижелерін мониторингі бойынша сараптама жүргізіліп өтті.

**Қаулы:**

1. Дарынды баламен жүргілетін жұмыс жандандырылсын.
2. Дарынды оқушылар олимпиадаға көбірек қатыстырылсын.



Төртінші мәселе бойынша жалпы бірдей құқықтық оқыту жұмыстарының барысы тыңдалды.

Сөз алды: мектеп директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары: Г.Ж.Тагаева құқықты оқыту туралы айтты. Ата аналардың бала құқығына қатысты міндеттері, жауапкершілігі, жасөспірімдердің құқықтары мен құқық бұзушылықтарына байланысты заңдарға қандай өзгерістер енгізілетінін баяндап өтті.

**Қаулы:** Құқықтық оқыту жұмыстары бойынша 9-11 сыныптарда сабақ беретін пән мұғалімдерінің есебі қанағаттанарлық деп есептелсін.

Құқықтық оқыту бойынша ата аналармен оқу жылының соңында жиналыс өткізілсін.

Директор жанындағы кеңес отырысының төрағасы:  К.С. Байғалиев

Хатшы:



А.О.Мадыбаева.

